

**Ішкі ауру көрінісі және ауруға деген
қарым-қатынас түрлері.
Науқастың психологиялық аурудың реакциясы**

Жоспар:

Кіріспе.

Негізгі бөлім:

- ✓ Ішкі ауру көрінісі
- ✓ Ішкі ауру көрінісінің деңгейлері, түрлері
- ✓ Науқастың ауруға деген психологиялық реакциясы

Қорытынды.

Қолданылған әдебиетер.

Сырқаттың ішкі бейнесі әрбір науқаста көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты құрылады. Бірақ, адамның сыртқы жігерлерге реакциясы, оның темпераменті, мінезінің ерекшелігі, яғни тұлғаның ерекшелегі аса көп ықпал жасайды. Күнделікті өмірде адамның вербальді және вербальді емес белгілерге қарапайым реакциясы экстремальды жағдайлардағы реакциялардан ерекшеленеді. Бұл үшін науқастың шағымдарын, оның мінез-құлқын, сіздің сұрақтарыңызға, ұсыныстарыңызға, нұсқауларыңызға жауап беру реакциясын меңгеру және оның сырқатқа қатысты жеке типін анықтап көру қажет.



Арудың ішкі көрінісі арудың субъективтік жағын көрсетеді. В. В. Николаеваның айтуынша науқастың арудың бейнесінің бірнеше деңгейлері бар:

- ❖ түйсінудің сезімдік деңгейі;
- ❖ жекелеген симптомдарға деген жауап берудің эмоционалдык деңгейі;
- ❖ ауру туралы білімдер мен түсініктердің жиынтығы болатын интеллектуалдық немес когнитивтік деңгейі;
- ❖ ауру жағдайына қатысты жүріс тұрысты өзгертуді көрсететін мотивациялық деңгейі.

Арудың ішкі көрінісі ауруға деген реакциялардың болуымен сипатталады. А. В. Квасенко, Ю. Г. Зубарев реакциялардың төрт түрін көрсетеді:

- ✓ нормосоматогнозия – науқас өз қалпын дұрыс бағалайды;
- ✓ гиперсоматогнозия – жекелеген симптомдардың маңыздылығын асыра бағалау;
- ✓ гипосоматогнозия – арудың ауырлығын дұрыс бағаламау;
- ✓ диссоматогнозия – аруды жоққа шығару.

А.Гольдшейдер, Р.А.Лурия (1929,1935 ж.)
бойынша сырқаттың ішкі суретін екі түрге
бөлген:

Аллопластикалық сырқат суреті – сырқаттың дамуына және динамикасына байланысты, функциональді және органикалық патологиялық механизмдер жиынтығы

Аутопластикалық сырқат суреті – науқастың өз сырқатының себебін және ақыр соңын болжау жөніндегі уайымдар жиынтығы

гипнозогнозиялық – сырқаттың маңыздылығын бағаламау

гипернозогнозиялық – сырқаттың ауырлығын және маңыздылығына шектен тыс баға беру

прагматикалық – дәрігермен тез жазылу мақсатында іскерлік байланыс жасау

Науқастың ауруға деген психологиялық реакциясы

Медициналық қызметкер әр адамның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дертке реакциясын, әрқашанда назарынан тыс қалдырмау қажет. Ем нәтижелі және тиімді болу үшін медициналық қызметкер науқастың мінез-құлқын, оның дертіне ,психологиялық реакциясына негізделе отырып, емдеу процессіне адамның өін тартып қатыстырып отырса жоғары нәтижеге жетуі мүмкіншілігі бар екені мәлім. Тұлғаның ерекшеліктеріне өмірдегі және әлеуметтік орнына, жағдайына байланысты әр ауру адам сырқатына түрлі көқараста болуы мүмкін. Көптеген зерттеулердің нәтижесінде ауру адамның өз дертіне қатысы,(реакциясы) келесі түрде болатыны анықталған: Гармониялық, эргопартиялық, нозофобты, назофильді, апатиялық, параноиялық, невротениялық, эфориялық, эготцентриалдық, анозогнозиялық, сенсетивтік.



Ауруға деген науқас реакциясының бірінші негізгі түрлері байқалады. Олардың бейімдеушілік қабілетін медициналық қызметкердің бағалауымен сипаттайды.

Науқастың ауруға қатынасының келесі үш бағытқа бөлуге болады.

- ✓ Хәл-жағдайына және шағымдарына қатынасы;
- ✓ Емдеуге және медициналық қызметкеріне қарым-қатынасы;
- ✓ Әлеуметтік ортаға қарым-қатынасы.



Қорытынды:

Сырқаттың ішкі бейнесі әрбір науқаста көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты құрылады. Бірақ, адамның сыртқы жігерлерге реакциясы, оның темпераменті, мінезінің ерекшелігі, яғни тұлғаның ерекшелегі аса көп ықпал жасайды. Күнделікті өмірде адамның вербальді және вербальді емес белгілерге қарапайым реакциясы экстремальды жағдайлардағы реакциялардан ерекшеленеді.

Қолданылған әдебиеттер:

- Молотов-Лучанский В.Б., Мациевская Л.Л., Цаюкова Н.А.
- Маркова А. К. Психология профессионализма.- М., 1996.
- Уикипедия – қазақша ашық энциклопедия
- Google.kz